21229204568

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2024 жылғы 14 мамыры №6213-24-00-2/308 іс Жезқазған қаласы

Ұлытау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Б.Агедилова оңайлатылған тәртіппен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Астана қаласы әкімдігінің "Шерхан Мұртаза атындағы № 63 мектеп-гимназия" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

**ЖАУАПКЕР:**
«Бибигул» жеке кәсіпкері;

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану;

**<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>**

**№1 талап бойынша**

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушінің көлтірілген залалын өтемеуі шарттары

Құжатқа қол қойылған: Агедилова Ж. Б., 15.05.2024
Заңды күшіне енген күні: 24.06.2024, судья Агедилова Ж. Б., 05.07.2024
6213-24-3-1/314

қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Заңның 38-бабы 4-тармағының негізінде әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

2024 жылдың 21 ақпанында мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша талап қоюшы және жауапкер арасында №84 тауарларды сатып алуға мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт (бұдан әрі – шарт) жасалды. Шарттың жалпы сомасы – 225 000 теңге.

Келісім шарт негізінде міндеттеме шарт бекітілген уақыттан бастап 20 жұмыс күн ішінде, яғни 2024 жылдың 12 наурызына дейін орындалуы тиіс болатын. 2024 жылдың 07 наурызында мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы хабарлама жолданған, алайда мердігер тарапынан өз міндеттемелерін орындауға әрекет болмаған.

Демек, өнім беруші мемлекеттік сатып алуға қатысып, тапсырыс берушімен келісімге қол қойып, жұмысты уақытында орындауға келісіп, алайда шарт бойынша міндеттемесін орындамаған.

Өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгіну үшін Заңда көрсетілген мерзім сақталған.

Мұндай жағдайларда талап қоюшының талабы негізді және қанағаттандырылуға тиіс.

**№2 талап бойынша**

Мекеме жауапкерден 4275 теңге тұрақсыздық айыппұл өндіруді сұраған.

АК-нің 293, 298 бабтарына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу /айыппұл, өсім/ деп танылады. Міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады.

Шарттың 7.3 тармақшасына сәйкес тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % пайыз мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстайды, не міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% пайыз мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды.

Құжатқа қол қойылған: Агедилова Ж. Б., 15.05.2024
Заңды күшіне енген күні: 24.06.2024, судья Агедилова Ж. Б., 05.07.2024
6213-24-3-1/314

Талап қоюшы 2024 жылдың 11 наурызынан 2024 жылдың 29 наурызы аралығына 19 күнге тұрақсыздық есебін жасаған (225 000 теңге*0,1%*19 күн=4275 теңге). Сот тұрақсыздық есебін тексеріп, оны дұрыс деп санайды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, талап қоюшының тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талап қоюы қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігіне сәйкес талап қою берілген кезде талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж жауапкерден жергілікті бюджеттің кірісіне өндіріп алынуға жатады.

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Сот АПК-нің 223-226, 403 – баптарын басшылыққа ала отырып,

**Ш Е Ш Т І:**

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің "Шерхан Мұртаза атындағы № 63 мектеп-гимназия" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «Бибигул» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және айыппұл сомасын өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

«Бибигул» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Бибигул» жеке кәсіпкерін жергілікті бюджеттің кірісіне 4275 (төрт мың екі жүз жетпіс бес) теңге тұрақсыздық айыппұл, 128 (жүз жиырма сегіз) теңге мөлшерінде баж салығы өндірілсін.

Шешім, егер оған шағым немесе прокурордың апелляциялық өтінішхаты келтірмесе, оған аппеляциялық шағымдану, прокурордың апелляциялық өтінішхаты келтіру өткен соң заңды күшіне енеді. Шешімге Ұлытау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ұлытау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

**Судья** **Агедилова Ж.Б.**

**Көшірме дұрыс**

**Судья** **Агедилова Ж.Б.**

Құжатқа қол қойылған: Агедилова Ж. Б., 15.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 24.06.2024, судья Агедилова Ж. Б., 05.07.2024

6213-24-3-1/314